



«БЕКІТЕМІН»

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының директоры

Д. Жаманбаева

«19» 03 2026 ж.

«Үздік цифрлық педагог» облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес облысымыздағы білім беру ұйымдарының информатика пәні мұғалімдері арасында «Үздік цифрлық педагог» облыстық байқауының өтетіндігін хабарлаймыз!

1.1. Осы Ереже жалпы орта білім беретін ұйымдарының информатика пәні мұғалімдері арасындағы «Үздік цифрлық педагог» облыстық байқауын өткізу тәртібі мен шарттары, өткізу кезеңдері, қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау педагогтердің кәсіби шеберлігін анықтауға бағытталған нақты тапсырмалары бар аудандық/қалалық және облыстық кезеңнен тұрады.

1.3. Байқау қатысушылары өздерінің жоғары кәсіби құзреттілігі, жаңашыл ақпараттық технологиялар туралы білімі мен білігін және оларды тәжірибеде қолдана білу икемділіктерін көрсетулері тиіс.

2. Ұйымдастырушылар:

2.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды, сараптау комиссияларын тағайындайды;

2.2. Байқауға ұсынылған құжаттармен, сараптамалық парақтар мен бағалау жұмыстарын жүргізу бойынша алдын-ала байқау ережесін жолдайды;

2.3. Комиссия құрамы қалыптастырылады және байқау қорытындылары рәсімделеді. Байқау қорытындысы әлеуметтік желілерде, Орталық сайтында bilimaktobe.kz/ жарияланады.

3. Байқау мақсаты мен міндеттері

3.1. Байқаудың негізгі мақсаты информатика пәні мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын арттыру, оқу процесіне озық цифрлық технологияларды енгізуді ынталандыру және үздік тәжірибелерді насихаттау, сондай-ақ мамандардың кәсіби шеберлігі мен шығармашылық әлеуетін дамыту.

3.2. Міндеттері:

- Педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- Заманауи білім беру платформаларын қолдану тиімділігін көрсету;
- Цифрлық оқу ресурстарының авторлық қорын (базасын) қалыптастыру;
- Өзіндік ерекшелігі және болашағы бар жаңашыл жұмыстарды қолдап, насихаттау және тарату.

4. Байқауға қатысушылар

Байқауға келесі критерийлерге сәйкес келетін:

- 1) білім беру ұйымдарының штаттық педагогтері;
- 2) әр қатысушы бір өтінім жібере алады;
- 3) байқауға құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар жалпы орта білім беретін ұйымдардың информатика пәні мұғалімі қатыса алады.

5. Байқауды өткізу тәртібі

5.1. Байқауға қатысуға ниет білдірген педагогтер бірінші басшымен расталған өтініш (сұраныс) ұсынады. Өтініштер мен байқау материалдары 2026 жылғы **10 сәуірге** дейін қабылданады.

5.2. Белгіленген мерзімінен кешіккен жұмыстар қабылданбайды.

5.3. Байқау негізінен **екі кезеңнен** тұрады:

1-кезең бойынша аудандық/қалалық іріктеуден өткен қатысушылар құжаттарын(материалдарын) бағалау және сараптау мақсатында қашықтан жүргізіледі. I кезең қорытындысы әлеуметтік желілерде, Орталық сайтында *bilimaktobe.kz* жарияланады.

2-кезең (Іштей): Іріктеуден өткен қатысушылар өзінің авторлық цифрлық ресурсын қорғайды немесе шеберлік сағатын өткізеді.

Сөйлеу регламенті – 3-5 мин.

5.4. «**Үздік цифрлық педагог**» облыстық байқауының 1-кезеңі **13-15 сәуір аралығында** онлайн форматта қаралады. Қатысушы мұғалім визиткасы мен видеосабағын gabbassova.zhadyra@aktobeedu.kz электронды поштасына жіберуі қажет.

➤ **Педагог цифрлық визиткасын жолдайды;**

(қатысушылардың таныстырылымы, шығармашылық қабілеттерін ашуы)

➤ **Педагог өзінің видеосабағын ұсынады;** цифрлық құралдарды тиімді қолданған видеосабақтың жазбасы (3-5 минут)

Байқаудың тақырыбына сай келетін видеосабақтар ұсынылады.

Педагогтің есімі жазылған ақпараттық бейнемен рәсімдеу.

5.5. Іріктеуден өткен жұмыстар 2-кезеңге жолдама алады.

5.6. 2-кезең **20-22 сәуір аралығында** офлайн форматта Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығында өткізіледі.

Цифрлық визиткаға қойылатын бағалау критерийі:

- таныстырылымы, шығармашылық қабілеттерін ашуы (0-5 балл);

Видеосабаққа қойылатын бағалау критерийлері:

- әдістемелік шеберлік және сабақ мазмұны (0-5 балл);

- техникалық сауаттылық (IT-құзыреттілік) (заманауи IT-құралдарды меңгеру деңгейі) (0-5 балл);

- интерактивтілік және кері байланыс (цифрлық ортада оқушы мен мұғалім арасындағы байланыс) (0-5 балл);

Авторлық цифрлық ресурсын/шеберлік сабағын бағалау критерийлері:

- инновациялық (жаңа технологиялық шешімдерді қолдануы) (0-10 балл);

- практикалық құндылығы, іс жүзіндегі нәтижелерге бағдарлануы (0-10 балл);

- авторлық жұмыстың мультимедиалық эстетикасы (0-10 балл);

5.7. Әділқазылар мүшелерінің шешімі ақырғы болып саналады және талқыланбайды, апелляцияға жатпайды.

6. Марапаттау

6.1. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздар мен жүлдегерді анықтайды. Байқау жеңімпазы - ең көп ұпай санын жинаған қатысушы болып табылады. Бас жүлде, I, II, III дәрежелі диплом, алғыс хат және сертификаттармен марапатталады.